

Хаттама №1

«Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

«11» қыркүйек 2024 жыл

2023 жыл 11 қыркүйек күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысканы: 7

Күн тәртібінде:

2023 жылдың қыркүйек айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т. Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана бөлмесі мен тазалығы, тамақтың дәмі мен берілісі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде хабарлама жасады.

Жарыссөз:

А.Амантайқызы (комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог)

2024 жылдың қыркүйек айында тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының хабарламасын тыңдап отырмыз. Мектептегі 437 оқушының 213 оқушысы ыстық тамақпен қамтылған. Мектеп асханасының жағдайын, асхананың ішкі тазалығын, ыдыс-аяқтардың дұрыс жуылуын, азық-түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімін қадағалап тексердік. Бекітілген мәзір бойынша тамақ беріледі. Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Тоңазытқыштың да ішіндегі тағамдардың сақталу тазалығы қаралды.

Г.Шоқан (комиссия мүшесі, қамқоршылық кеңесінің мүшесі)


Мектептегі ыстық тамақтың ережеге сай берілісіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Балалар уақытында кестеге сәйкес тамаққа келіп отырғанын көрдік. Тамақ нормаға сай берілуде. Балалар тамақты жақсы ішіп отыр. Аспазшылар талапқа сәйкес тамақ беруде. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Тамақтану сапасының қуәландыратын құжаттары тексерілді. Ескертетін бір жайт тамақ сертификаттарының, соның ішінде А және В тобы жоғары және бірінші сортты макарон өнімдері 27.07.2023-27.07.2024, жоғары сортты және бірінші сортты байытылған наубайханалық бидай ұны 1.09.2023-1.09.2024, горох 18.06.2021- 18.06.2024, кисель 02.08.2021-02.08.2024, кептірілген жемістер, гречка 18.06.2021-18.06.2024 жылы жарамдылық мерзімі аяқталған.


Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:

1. Тамақтың сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу мектеп медбиісі С.Рахметоллақызына міндеттелінсін.
2. Қыркүйек айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог А.Амантайқызына міндеттелінсін.

Т.Калиева  Комиссия төрайымы, мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

М.Үмбетбаева  Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

С.Рахметоллақызы  Мектеп медбиісі

Г.Шоқан  Қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Г.Өтепова  Ата-ана

Г.Есендьярова *Г.Е.* Ата-ана

А.Амантайқызы *А.А.* Өлеуметтік педагог